



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



№4 (1391)  
18 ақпан  
2011 жыл

# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН АПТАЛЫҚ ГАЗЕТИ

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҢҒЫРУ ТӘРБИЕДЕН БАСТАЛУ КЕРЕК

ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДА ЖАСТАРДЫ РУХАНИ-А  
РИОТТЫҚ ТӘРБИЕЛЕУ: ТӘЖІРИБЕСІ, МАЗМҰ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМ ПРАКТИКАЛЫҚ КО



16 ақпанда Ә.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында "Қазіргі заман жастарына рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру: тәжірибе, мазмұн, даму болашағы" атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Алматы қаласы әкімшілігі, Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұйымдастыруымен өткен бұл рухани жиын Елбасының биылғы Жолдауында көрсетілген әлеуметтік жаңғыру бастамасын жетілдіріп, интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы білім және ғылым саласын дамытуды алға қойды.

Ардагерлер кеңесі, ел қалаулылары мен еліміздегі жоғары оқу орындары басшылары, орта мектеп өкілдері, әскери сала қызметкерлері өзара пікір алмаса отырып ұлт зиялылары, Алаш арыстары, қоғам көсемдерінің бастап кеткен адами қасиеттер қундылығын жаңғыртуды назарға алды.

Әл-Фарабидің "Тәрбиесіз берілген білім қауіпті" деген ұстаздық ұлағаты ұрпақ тәрбиесінде маңызын жоймақ емес. Араға қаншама жыл салып, дәл бүгін ақпараттық ғасыр мен технология тетігі қарыштап отырған жаһандық дәуірде ең негізгісі тәрбиеге баса назар аударылу керектігін зерделеген

ел қалаулылары мен ғалымдар әлеуметтік жаңғыру идеясын жүзеге асыруды қоғам алдындағы басты міндетке жүктейді.

Рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие бағыттарын тереңнен қозғаған бас қосу бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне жаңа серпін, мықты сілкініс бергендей. Еліміздің жоғары оқу орындарынан келген оқытушы-профессорлар тәрбие мәселелерінің мықтап қолға алынуы бүгінгі ұрпаққа Абай, Ахмет, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Шоқан салып кеткен сара жолды жалғауда бір үлкен жаңа серпіліс болмақ дейді.

(Жалғасы 3-бетте)

14 ақпанда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректорат мәжілісі өтті. Ректор Ғалымқайыр Мұтанов кіріспе сөзінде Елбасының Жолдауы мен «Нұр Отан» ХДП 13-съезінде қарастырылған негізгі мәселелерді қамтыды. «Қазақстан-2020» стратегиялық жоспары негізінде халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру мақсатында «Халықтық IPO» бағдарламасы көпшілік назарына ұсынылды. IPO – жүздеген мың қазақстандықтарға ірі кәсіпорындардың акцияларына иелік етуге мүмкіндік беретін, инвестициялаудың жаңа құралы.

## Тәрбиелік қадамдар талқыланды

Мәжілісте «Нұр Отан» ХДП-ның 13-съезінде қойылған тапсырмалар бойынша ҚазҰУ-дың тәрбие жұмысын ұйымдастыру мәселелері талқыланды. Баяндаманы Тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту департаментінің директоры Гүлнар Сәрсенбекова жасады. Баяндамада айтылғандай университеттің 13 факультетінде барлығы 91 кафедра, 1454 оқытушы-профессор қызмет етеді. 818 куратор-эдвайзер, 641 эдвайзер бар. Олар студенттердің оқу үлгерімін қадағалап, қоғамдық өмірге белсенді қатысуына жауап береді әрі жастардың әлеуметтік жағдайын қорғайтын мәселелерді шешеді. №3-3776 бұйрық бойынша 2010 жылдың 1 желтоқсанынан бастап куратор-эдвайзерлердің қызметтік бабының көбеюіне байланысты қосымша ақы төленетін болды. Сонымен бірге ҚазҰУ-да куратор-эдвайзерлердің жұмысын бақылайтын арнайы кеңес жұмыс істейді. Оның құрамына факультеттің куратор-эдвайзерлер кеңесі, деканның тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кафедраның және топтың куратор-эдвайзерлері жатады. Студенттерді қоғамдық өмірге тарту мақсатында кафедраларда 112 арнайы үйірме мен клубтар ашылған. Мәселен, «Эколог», «Син Сэдэ», «Метеоролог», «Жас зерттеуші», «Атамұра», «Тәржімен», «Студенттік маркетинг агенттігі» және тағы басқалары. Сондай-ақ, куратор сағатын өткізу, университеттік шараларға атсалысу, қарашаның аяғындағы түлектерімен кездесуін ұйымдастыру ЖОО тәрбие жұмысының жоспарына енген.

Әлия ДЕМЕСІНОВА

## «Валентин күні» қажет пе?

БАСТАМА

Ақпан айының ортасында тойланатын кірме мейрам – «Валентин күнінің» жастар арасына дендеп, Қазақстан шаңырағына келгеніне де 16 жыл болыпты. Аталмыш «мейрамды» тойлаушылардың қатарында студенттер басым. Алайда, биылғы жылы мұның өткен жылдардағыдай тойланбағанын аңғардық. Бір шетінен бұл жастардың көкірек-көздерінің ашылғанын көрсетсе, екінші жағынан олардың қазақтың 21 наурыз – Ғашықтар күні мерекесінен хабардар екенін айғақтағандай.

(Жалғасы 4-бетте)

## Тәрбие басты назарда

ИГІС

«Тәрбие басы – тал бесік» дейді қазақ даналығы. Болашақ ұрпақтың өнегелі болуы жастайынан берген тәрбиеге байланысты. Сондықтан қоғамда бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінген. Осы тақырыпта 16 ақпан күні әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ұйымдастыруымен еліміздегі ЖОО тәрбие жұмысы жөніндегі проректорларының кездесуі өтті.

Елбасының Жолдауы мен «Қазақстан 2020» стратегиялық бағдарламада интеллектуалды ұлт қалыптастыру мәселесі айтылды. Элиталы ұрпақ тәрбиелеуде білім және ғылым саласына қомақты қаржы бөлініп, оның дамуына барлық жағдайлар жасалуда. Қазіргі



жастардан жоғары білімді, әрі ынталы, өздігінен шешім қабылдайтын және оған жауап бере алатын, ынтымақтас-тық пен мәдениет аралық әрекеттерге қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілікті сезінетін белсенді азаматтарды қалыптастыруда рухани-

адамгершілік пен патриоттық тәрбиелеудің маңызы зор. Осы орайда ҚР Білім және ғылым министрі ұжымдық-әдістемелік және тәрбие жұмысы басқармасының жетекшісі Шыңғысбек Сұлтанбеков өз баяндамасында биылғы Тәуелсіздіктің 20

жылдық мерейтойына арналған тәрбиелік іс-шараларды атап өтті. Сондай-ақ, Шыңғысбек Сұлтанбековтің айтуынша, мерейтойға орай-жастар арасында 210 шара және 100-ден аса ғылыми іс-шара ұйымдастырылып, 60 ғылыми еңбек басылып шығуы тиіс. «Жастар саясатын формальды қалпынан өзгертіп, жаңарту жолдарын қарастыру керек. Бүгінгі жастар итернеті дамыған заманда өмір сүреді. Сондықтан оларды барынша жан-жақты ақпараттандыруымыз керек. Мемлекеттегі болып жатқан саяси, әлеуметтік маңызы бар оқиғалардан жастардың хабардар болуы министрліктің алға қойып отырған басты талаптарының бірі.

(Жалғасы 3-бетте)

КОНФЕРЕНЦИЯ

14 февраля на заседании ректората своими мыслями о существующей правовой системе в Республике Казахстан, ее проблемах и перспективах, особенностях дальнейшего развития науки и образования в нашем государстве выступил академик НАН РК, профессор-консультант КазНУ имени аль-Фараби Зиманов Салык Зиманович. Его мысли явились результатом недавней встречи с Президентом Республики Казахстан Назарбаевым Нурсултаном Абишевичем. Академик С.З.Зиманов в свое время внес существенный вклад в формирование конституционной основы суверенизации нашего государства, приняв участие в разработке содержания Конституций Республики Казахстан 1993 и 1995 годов.

## Политико-правовые взгляды академика



Концепции правовой политики Республики Казахстан на период до 2020 года. В ней заложены научные основы инновационного подхода в деятельности судебных органов и правоохранительной системы.

Особая роль в этом процессе принадлежит науке и системе высшего юридического образования суверенного Казахстана.

Академик С.З.Зиманов поддержал реформы системы образования, направленные на повышение качества образовательных услуг, переход на инновационные методы обучения, внедрение кредитной системы в учебном процессе. Этим процессам должна сопутствовать большая организационная работа к которой будет предъявляться новые требования, стимулирующие дальнейшее развитие науки, что позволит нашему университету выйти на новый уровень мировой научной и образовательной деятельности.

**Даулет БАЙДЕЛЬДИНОВ,**  
декан юридического факультета,  
доктор юридических наук,  
профессор

Проблемы, которые обозначил профессор С.З.Зиманов, касаются необходимости коренного реформирования существующей судебной и правоохранительной системы. Вопросы коррупции, низкий уровень морально-этического требования к судебной системе, от-

сутствие элементарной культуры и недостаток профессиональных знаний работников правоохранительных органов были обозначены академиком С.З.Зимановым на встрече с Главой государства. Пути выхода из создавшейся ситуации Президентом РК Н.А.Назарбаевым определены в

КЫСҚА-НҰСҚА

• **7-9 февраля** в рамках новой молодежной инициативы «Green Way» стартовала акция по водо- и энергосбережению «Выключи меня!!!». В ходе которой прошли массово-агитационные работы, призывающие рационально использовать водные и энергетические ресурсы.

• **11 ақпанда** эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бірінші проректоры, химия ғылымдарының докторы, профессор Мұқаш Мырзабайұлы Бүркітбаев химия факультетінің дәстүрлі ғылыми семинарында «Radioecological condition in the territory of Kazakhstan» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамада Қазақстан Республикасының ядролық сынақтары мен уран кеніштерінің қазіргі кездегі экологиялық жай-күйімен таныстырды.

• **16 ақпанда** ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультетінде АҚШ елшісінің орынбасары Памела Спратленмен кездесу өтті. Кездесуге факультеттің американдық-студенттер қауымдастығы мен М.И.Р НАТО студенттер қауымдастығының мүшелері қатысты. Спратлен ханым Қазақстан мен АҚШ арасындағы қарым-қатынастар туралы сөз қозғап, АҚШ-тың Ауғанстанға қатысты саясатының басты бағыттарына шолу жасап, қазақстандық студенттердің Америка Құрама Штаттарында білім алу мүмкіндіктері жөніндегі ақпаратпен бөлісті.

• **18 февраля** на историческом факультете прошла презентация книги Медеу Сарсеке из серии «ЖЗЛ» «Бекмаханов» изданная в Москве, в которой приняли участие преподаватели и студенты, родные и ученики Ермахана Бекмаханова. Презентацию открыл ректор университета академик Галымкаир Мутанов.

• **18 ақпанда** эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Сұңқар» студенттік кәсіподағы мен «Көмек» студенттер ұйымының ұйымдастыруымен «Біз рақ ауруын бірге жеңеміз» атты дөңгелек үстел өтті. Бас қосудың мақсаты жастарды онкологиялық аурудың түрімен таныстыру және мән-жайын түсіндіру.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

## Жылдың үздік оқытушылары анықталды

12 ақпанда өткен жылғы ЖОО арасындағы үздік оқытушылар анықталып, «Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы - 2010» мемлекеттік грантын ҚР Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұлов жеңімпаздарға өз қолымен табыс етті. Мемлекеттік грантты еліміздің 42 жоғары оқу орнының 200 оқытушысы иеленді. Айта кетерлігі, 2010 жылдың үздіктері қатарын ҚазҰУ-дың 31 оқытушысы толықтырды. Бұл жеңіс қарашаңырақтың білім және ғылым саласындағы көшбасшы университет екендігін тағы да бір анықтап бергендей.

Салтанатты марапаттау барысында сөз алған министр Бақытжан Тұрсынұлы: «Биылғы жылы мемлекеттік грантқа қол жеткізген құрам сапасы анағұрлым жоғары болды. Олардың 68 пайызы ғылым докторы, профессор, ал қалғандары доцент, ғылым кандидаты мен PhD докторы. Байқауға республикалық 86 жоғары оқу орнынан мыңға жуық үміткер қатысты. Олардың 43-і мемлекеттік, 12-сі акционерлік және 31 жекеменшік оқу орны», - деп биылғы байқаудың ерекшелігіне тоқталды. Өз кезегінде мемлекеттік грант үздік шыққан жеңімпаздарға Ұлыбритания, Германия, Франция, Италия, Испания, Бельгия, Польша, Чехия, Венгрия, Швеция, Австрия, Болгария, Литва, Латвия, Ресей сияқты елдердегі жетекші жоғары оқу орындарына барып тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді. Төменде сол «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы - 2010» мемлекеттік грантын жеңіп алған эл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушыларының тізімін беріп отырмыз.

### Тарих факультеті

1. Атабаев Қамбарбек Махамбетұлы, т.ғ.д., профессор;
2. Көкебаева Гүлжауһар Көкенқызы, т.ғ.д., профессор;
3. Құндақбаева Жанат Бекқызы, т.ғ.д., профессор.

### Филология факультеті

1. Әшімханова Светлана Әшімханқызы, ф.ғ.д., профессор.

### Журналистика факультеті

1. Мархабаев Абдул-Хаммид Файзуллаұлы, ф.ғ.д., профессор;
2. Ахметова Лайла Сейсембекқызы, т.ғ.д., профессор.

### Халықаралық қатынастар

1. Байзақова Құралай Ертісқызы, т.ғ.д., профессор;
2. Алжанбаева Ұлбала Тұрапбайқызы, ф.ғ.к., доцент;
3. Мақашева Клара Нәлібекқызы, т.ғ.д., профессор.

### Механика-математика факультеті

1. Сахаев Шәріпхан Сахайұлы, ф-м.ғ.д., профессор;
2. Қалтаев Айдархан Жүсіпбекұлы, ф-м.ғ.д., профессор.

### Химия факультеті

1. Қуанышева Галина Сафағазықызы, х.ғ.д., профессор;
2. Оспанова Әлия Қапанқызы, х.ғ.д., профессор;
3. Бейсебеков Марат Қиянұлы, х.ғ.д., профессор;
4. Мансұров Зұлхаир Аймахметұлы, х.ғ.д., профессор;
5. Суербәев Хаким Абдрахымұлы, х.ғ.д., профессор.

### Шығыстану факультеті

1. Ем Наталья Борисовна, т.ғ.к.;

### Экономика және бизнес жоғары мектебі

1. Мұхамедиев Болат Мінтайұлы, э.ғ.д., профессор;
2. Спанқұлова Ләззат Сейітказықызы, э.ғ.д., профессор;
3. Сатыбалдин Сағындық Сатыбалдыұлы, академик.

### Заң факультеті

1. Еркінбаева Ләззат Қалымбекқызы, з.ғ.д.;
2. Алауханов Есберген Оразұлы, з.ғ.д., профессор;
3. Бисенова Меруерт Қылышбайқызы, з.ғ.к., доцент.

### Философия және саясаттану факультеті

1. Құрманалиева Айнұр Дүрбеленқызы, филос.ғ.д., профессор;
2. Масалимова Әлия Рымғазықызы, филос.ғ.д., профессор;
3. Молдабеков Жакан Жамбылұлы, филос.ғ.д., профессор.

### Физика факультеті

1. Рамазанов Тілеукабыл Сәбитұлы, ф-м.ғ.д., профессор;
2. Асқарова Әлия Сандыбайқызы, ф-м.ғ.д., профессор;
3. Байымбетов Фазылхан Байымбетұлы, ф-м.ғ.д., профессор.

### Биология факультеті

1. Нұртазин Сабыр Темірғалиұлы, б.ғ.д., профессор;
2. Шалахметова Тамара Минажқызы, б.ғ.д., профессор.

**Мемлекеттік грант иелерін ҚазҰУ-дың барша оқытушы-профессорлар құрамы атынан «Қазақ университеті» газетінің ұжымы шын жүректен құттықтай отырып, шығармашылық табыс, отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілейді!!!**

## Старт «Олимпиады аль-Фараби - 2011»

МЕГА-ПРОЕКТ

Стартует ежегодный мега-проект «Олимпиада аль-Фараби», реализуемый Казахским национальным университетом им. аль-Фараби совместно с Министерством образования и науки РК.

Благодаря этому проекту качественное высшее образование становится доступным казахстанским школьникам в ведущем вузе страны. С 20 февраля лучший профессорско-преподавательский состав КазНУ выезжает во все регионы Казахстана, чтобы дать возможность одаренным и талантливым ребятам стать студентами университета.

«Олимпиада аль-Фараби» впервые прошедшая в 2009 году, когда праздновался 75-летний юбилей КазНУ и вызвала положительный резонанс. С тех пор около 30 000 школьников приняли участие в Олимпиаде, а более 8 700 победителей и призеров стали студентами КазНУ, которые учатся только на отлично, - ни один из них не покинул стены университета по неуспеваемости.

В этом году в «Олимпиаде аль-Фараби» принимает участие рекордное количество участников, оргкомитетом принято более 14 000 заявок, почти в 2 раза больше в сравнении с 2009 годом. Наибольшее количество участников зарегистрировано по физике, математике и биологии. Безусловно, это связано с тем, что в век нанотехнологий, IT и инновационной экономики, роль физико-математических и естественных наук с каждым годом возрастает.

Организаторы Олимпиады КазНУ плодотворно сотрудничают с управлениями образования, школами, на базе которых проводится Олимпиада. Особенно хочется отметить школьные учебные заведения Южно-Казахстанской, Восточно-Казахстанской, Жамбылской, Кызылординской, Талдыкорганской, Павлодарской, Атырауской, Актюбинской областей. Из этих областей ежегодно КазНУ получает большое число участников и будущих победителей Олимпиады.

«Олимпиада аль-Фараби» внесена в перечень республиканских олимпиад школьников, что дает победителям и призерам возможность получения гранта для обучения в КазНУ вне конкурса.

Сектор карьеры



# ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҢҒЫРУ ТӘРБИЕДЕН БАСТАЛУ КЕРЕК

КОНФЕРЕНЦИЯ

(Басы 1-бетте)

Ұлт тектілігі, қазақ зиялылығы, батылдығы мен ержүректілігі Бауыржан еңбектерінде, Әлия мен Мәншүк ерліктерінде тұрғандығын тұжырымдаған конференция қатысушылары ұрпақ бойына кешегі бабалар әлеуетін қалыптастыру үшін тарих, мәдениет, әдебиет, салт-дәстүр сияқты рухани құндылықтарымыз бен мәдени байлықтарымызды жиі насихаттап, үйретіп, санасына сіңіріп отыру қажет екендігін айтады.

Осы орайда конференцияда “Қазақтың ренессанс ғасыры” деген тақырыпта баяндама оқыған сенатор, академик Ғарифолла Есім: “Ренессанс жаңғыру, жаңару деген сөз. Қазақтың Ренессанс ғасыры дегенде біз қазақтың жаңа, жаңғырған ғасыры туралы сөз айтпақпыз. XXI ғасырда халқымыздың қандай құндылықтары жаңарды десек, бірден айтарым, басты құндылық, ол Тәуелсіздік жылдары дүниеге келген, бүгінде жиырма жастың арғы-бергісіндегі жас ұрпақты, яғни студент қауымымызды айтамыз. Сіздер қазақ елінің Ренессанс ғасырын бастаушысыздар, сіздер Ренессанс ұрпақсыздар. Сіздер тәуелсіз қазақ елінің бағы мен құтысыздар”, - деп жастарға бабадан мирас қалған тәрбие жауапкершілігін бір сезіндіріп алып: “Алдымыздағы 2020 жылдары сіздер отызды толтырып, “орда бұзатын” жасқа жетіп, стратегиялық бағдарламаға сай, 2030 жылы “қамал алатын” қырық жасқа келесіздер, яғни ел билігіне ие боласыздар. Олай болса, біздің қоғамның басты мәселесі бүгінде жиырма жас шамасындағы жас ұрпақтың түсінігін, тілегін, арманын, білімін, көзқарасын, ең бастысы, оның Қазақ еліне деген патриоттық сезімін тәрбиелеп, қалыптастыру”, - деді. Сонымен бірге ұрпақтар сабақтастығы қазіргі күннің басты мәселесі екендігіне тоқталған сенатор бабалардан келе жатқан игі рухани мұраны жандандыру барысында ұрпақ легі деген ұғымды ұмытпауды ұсынды. 2030 жылы ел билігі тұтқасына тәуелсіздік жылдары дүниеге келген ұрпақ легі ие болмақ. Ендеше олардың құндылықтарды игеріп, өз елінің патриот азаматы болуға тәрбиелеуді жандандыруымыз керек деген түйін айты.

Аға буынның мойнындағы ұрпақ тәрбиесін қаншалықты жауапкершілікке толы салмақты үздіксіз үрдіс екендігін айтқан сенатор сол жауапкершілікті бүгінгі ұрпаққа сезіндіруді бүгіннен бастауды айтып, бүгінгі ұрпақ ел ертеңі, ұлт болашағы деген аталы ойды алға тартты.

Осы орайда адам капиталын басты назарға алған әл-Фараби атындағы

Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ғалымқайыр Мұтанұлы: “Бүгінгі заман жастарын тәрбиелеу – болашаққа бағытталған үрдіс. Рухани тәрбиемен нұрланбаған жас өзінің алған білімін қара басының пайдасына жұмсап, өз мүддесін ғана ойласа, онда ол ешқашан елінің өркендеуіне үлес қоса алмайды. Сондықтан рухани тәрбиені ұлттық тәрбиемен ұштастыру елдік сананы қалыптастыру үшін қажет. Үстіміздегі жыл – Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы Еркіндік, Бірлік, Тұрақтылық және Гүлдену сынды ортақ құндылықтарға негізделеді деген болатын Елбасы. Шын мәнінде тәуелсіздік дегеніміздің өзі ұлттық мәдениеттің сақталуы және халыққа рухани қызмет ету әлеуеті емес пе?! Үстіміздегі жылдың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Жолдауында Президент Н.Ә.Назарбаев қоғамның адами капиталын жетілдіретін әлеуметтік жаңғыру идеясына басты назар аударды. Қоғам мен өмір сапасын арттыруды көздеген әлеуметтік жаңғырудың бірден-бір тиімді тетігі білім беру саласымен байланысты, өйткені адамның тұлғалық толысуы барысында жоғары оқу орнының алатын рөлі айрықша. Ендеше, біз бүгінгі көтеріп отырған өзекті мәселе Қазақстан Республикасы Президентінің халық алдына қойған биік мақсаттарға жету жолындағы нақты іс-шараларды жүзеге асыру тұрғысынан өте маңызды”, - деген пікірімен бөлісті. Сонымен қатар, қазақстандық жоғары оқу орындарының көш басшы қара шаңырағына басшылық етіп отырған Ғалымқайыр Мұтанов «Нұр Отан» партиясының 11 ақпанында өткен XIII съезінде жастар тәрбиесіне басты назар аударылғандығына тоқталып, партия көшбасшысы ел жастарын жастар қозғалысын, балалар ұйымын құруға жұмылдыру туралы тапсырма бергендігін айтып: “Н.Ә. Назарбаев жан-жақты дамыған «Болашақ қазақстандықты» тәрбиелеу – мемлекеттің жастар саясатының мақсаты деп атап көрсетті. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, кез келген мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік гүлденуі мен қауіпсіздігі адам капиталына тікелей тәуелді. Ал адам капиталы ұғымының түпкі иірінде тек қана ғылым-білім жатқан жоқ, онда рухани тәрбие маңызы да зор. «Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деп данышпан әл-Фараби айтқандай, жастар «жан жемісін татпай, өмірдің терең мағынасы мен шын мақсатын түсіне алмайды», - дей келе мыңдаған студентті тәрбиелеп отырған киелі орданың басты мақсаты да осы бағытта болу керектігін айтып,

даярланып жатқан болашақ мамандарға Мағжанша сенім артты.

Кезекпен-кезек тыңдалған баяндамалар дені ұрпақ тәрбиесіне, жастар әлеуеті мен рухани құндылыққа бағытталып отырғандықтан әр баяндамашы сөзі сарай ішінде отырған жастарға бір серпін бергендігі және болашаққа деген жауапкершілікті нығайтқандығы көрермен қауымының ыстық ықыласынан байқалып тұрды. Болашақ ұрпақ зиялылығына алаңдаған ғалымдар мен ардагерлер ғылым мен білімді дамытуда рухани құндылықтар мен асыл қасиеттер алдыңғы орынға шығу керектігін тұжырымдады. Сонымен бірге әскери салада да жастар өз тілін, тарихын, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін құрметтеп, менгеруге атсалысу керектігі айтылды.

Алматы қалалық Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Еренғайып Шайхутдинов: “Жастар бойында өз елінің дәстүріне, тіліне, жеңісіне, мәдениеті мен тарихына құрмет болмаса, ол адамды патриот деп атауға болмайды”, - дей келе патриоттық сезім сонымен бірге ата-ананы сыйлау, үлкенге құрмет көрсету сияқты бірнеше асыл қасиеттермен өлшенетіндігін ескеріп, ең алдымен, адами мәдениетті дамыту керектігін айтты.

Әлеуметтік жаңғыруға адами капиталды дамыта отырып үлес қосуға себеп болған конференцияда сонымен қатар Алматы қаласы әкімінің орынбасары С.Т.Сейдуманов, ҚР Білім және ғылым министрі ұжымдық-әдістемелік және тәрбие жұмысы басқармасының жетекшісі Ш.С.Сұлтанбеков, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі А.Осман және тағы да басқа бірнеше айтулы тұлғалар тәрбие саласындағы тұжырымдарымен бөлісіп, ұрпақ тәрбиесін жетілдіруде ой-пікірлерімен бөлісті.

Елімізде әлеуметтік жаңғыру жолын алғаш болып жүзеге асыруға атсалысқан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті “Қазіргі заман жастарына рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру: тәжірибе, мазмұн, даму болашағы” атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция арқылы жастар бойына патриоттық сезімнің нұрын септі. Рухани құндылықтарды анықтап, адам капиталын насихаттады. Мұндай рухани басқосулардың үздіксіз жүргізілуі оқу-ағарту және тәрбие саласында жаңа жетістіктерге үлес болмақ. Жаңа ғасырдағы – жаңа Қазақстанда бес ғасыр жылдары, Абайдың қара сөздерін, Шәкәрімнің ойларын, Махамбеттің батырлығын, халық даналығындағы адам болу идеясын жалғаушы көпір болып, ұлт әлеуетін арттыра түспек.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

## БІЗГЕ ҰНАҒАН САЯХАТ

**Куратор сағаты**

Бүгінде қасиетті қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде тәрбие жұмыстарының жандандырылып жатқандығы біздерді қуантады. Осы орайда біз, студенттер куратор-эдвайзерлеріміздің жетекшілігімен тарихи, мәдени ошақтарға жиі бас сұғып, терең тағлымға ие болудамыз. Осы мақсатпен филология факультетінің 2-курс қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 3-інші топ студенттері топ куратор-эдвайзері Жолдасбек Мәмбетовпен Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Жамбыл ауылындағы Жамбыл Жабаев мұражайына барып қайттық.

Ұлы ақын Жамбылдың мұражайына бару студенттер үшін ұмытылмас күн болды. Себебі қастерлі топырақ Жамбыл ауылындағы жыр дүлдүлі Жамбылдың 1938-1945 жылдары тұрған 12 бөлмелі үйін көрдік. Үй жанындағы ақынның зиратына барып, құран оқыды және ақынның сол кездегі сүйікті серігі болған автокөлігін тамашаладық. Бір таңғаларлығы 12 бөлменің әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар. Ақынның өзі жатқан жатын бөлмесі, қонақ қабылдайтын бөлмесі, шағын кітапхана, ас бөлме, әр кезеңде басынан өткерген оқиғалар туралы суреттер қойылған бөлмелер, шағын конференц зал, тағы басқа ерекшеліктерімен таныстық. Қабырғаға ілінген ақын суреттері мен өзі қолданған бұйымдары, киімдері – барлығы да сол кезеңдегі Жамбыл өмірінен көрініс беретіндей. 1996 жылы елбасымыздың өзі осы мұражай іргетасын қалағаны туралы деректер мен суреттерді тамашалап, естелікке суретке түстік. Төл тарихымызда өзіндік орны бар Жамбылдай тумысынан дара ақынның өмірінен мол деректер жинаған студенттер қауымы ерекше ой түйіп қайттық. Баба мұраларына жауапкершілікпен қарап, мирасты болашаққа жеткізу аманатын сезіндік.

Арайлым ҒАЗИЗОВА,  
филология факультетінің  
2-курс студенті

## ТӘРБИЕ БАСТЫ НАЗАРДА

(Басы 1-бетте)

Бұл жұмыстар әсіресе 1-2 курс студенттері арасында қамтылғаны жөн”, - деп түйді Шыңғысбек Сұлтанбеков сөз соңында.

Ал, Алматы энергетика және байланыс университетінің тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Зарема Габдуллина патриоттық тәлім-тәрбиенің негізгі үш түріне тоқталды. «Бүгінде жастар арасында патриоттық сезім тек эмоционалды түрде ғана қабылданады. Әр студент «патриот» сөзінің түпкілікті мәнін толық түсінген жағдайда мемлекетінің дамуына үлес қоса алады. Сондықтан ЖОО-дағы тәрбие жұмысына қойылып отырған талаптар жоғары», - деді ол.

Жиын қатысушылары билік құрылымдарының, мемлекеттік және қоғамдық институттардың жастарға рухани, адамгершілік және мәдени тәрбие беру мәселесіндегі серіктестік қатынастарды қалыптастыруға, жастар қоғамдық ұйымдарына қолдау көрсетуге, оқытушыларды жастармен жұмыс істеуге бейімдеу, заманауи ағартушылық тәжірибелерді қолдану және тарату, оған шығармашылық көзқараспен қарау, аға буын өкілдері және ардагерлермен бірлесе отырып іс-шаралар ұйымдастыруды ұсынды. Сондай-ақ ел қамы үшін патриотизм, толеранттылық, ұлттық бірлік, бейбітшілік және келісім, салауатты өмір сүру тәрізді құндылықтар негізінде жастар ұйымдарының бірігіп жұмыс істеуін өтінді.

Әлия ДЕМЕСІНОВА

(Басы 1-бетте)

# «Валентин күні» ҚАЖЕТ ПЕ?

Негізінен, Валентин есімді адамның болғаны туралы сан түрлі пікір бар. Солардың ішіндегі «шындыққа жанасады-ау» деген біреуіне тоқталайық. Валентин деген діни қызметші ІІ Клавди императоры басқарған Рим империясы тұсында өмір сүріпті-мыс. Ол кезде императордың атағын күшейту үшін әскери жасақ мықты болу керек еді. Сол себепті император «Әр азаматтың әскер қатарына қызмет етпей тұрып, отбасын құруына тыйым салынсын» деген қатаң бұйрығын шығарады. Ал Валентин осы бұйрықты бұзып, бір-біріне ғашық қыз-жігіттің некелерін қиған екен. Патша жендеттері Валентинді өлім жазасына кеседі. Жастар болса оны «махаббат құрбанына» санап, осы күнді мейрамға айналдырса керек. Дегенмен, бұл пікірді қалыптастырып отырған батыс жастары еді.

Бұл кірме мейрамға байланысты студент жастардан сұқбат жүргізген едік. Енді кезекті замандастарымның ой-пікіріне берсек.

**Маша КЛЯНИЦ, студентка  
1 курса географического факультета:**

## «Я ПРОТИВ ЭТОГО ПРАЗДНИКА»

– Я против этого праздника, так как считаю, что это не сходится с казахским менталитетом. Я живу в Казахстане и люблю его народ. И, конечно, почитаю традиции. Наше поколение должно поднимать с истоков древние традиции, а не перенимать все с Запада. Мы должны почитать сложившиеся древние традиции, оживлять их в наше вре-

мя. Конечно, каждый сам решает, отмечать этот праздник или нет. Но я думаю, этот праздник отмечать необязательно.

**Нұрбиби ҚОҢЫРАТБАЕВА,  
биология факультетінің  
4-курс студенті:**

## «БҰЛ МЕЙРАМДЫ КӘДІМГІДЕЙ ЖАТЫРҚАП ҚАЛЫППЫЗ»

– Жалпы Валентин күні дүние жүзінде кең тараған. Жастар бұл мейрамды ұлттық мейрамындай тойлап келді. Бірақ бұл мейрам біздің елге жат деп білемін. Бір қуантарлығы осы жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда «Әулие Валентин» күнін атау бәсеңсіген. Бұрынғы жылдарға қарағанда бұрнағы жылы «мерекені» атауда жер мен көктей айырмашылық бар десем қате айтпаған болар едім. Қарапайым өз ортамын мысал келтірер болсам, осы жылы достарым да, мен де «Әулие Валентинді» әулиелетпедік. Мерекені деп сезінбек түгілі, демалыс орындарына барып қыдырмадық. Батыста тойланып жатқан жай мейрам күні екенін білдік. Алдыңғы жылдардағыдай емес, бұл мейрамды кәдімгідей жатырқап қалыппыз. «Көш жүре түзеледі» деген қазақ нақылы бе-



кер айтылмаса керек. Өскекең ұрпақ, тіпті бұл мейрамның болғанын да білмейтін жағдайға жетініне сеніммен қараймын. Ол пікіріме 1 жылдың ішінде бұл мейрам деңгейінің күрт төмендеуі себеп болып отыр.

**София НИКОЛАЕВНА,  
студентка КазНУ:**

## «ХОЧУ СКАЗАТЬ, ЧТОБЫ НЕ ПРАЗДНОВАЛИ ДЕНЬ СВЯТОГО ВАЛЕНТИНА»

– Недавно прошел праздник любви день «Святого Валентина». По католической вере Святой Валентин считается богом любви. Но

я не согласна, чтобы отмечали этот праздник. Потому что мы живем в мусульманской стране, у нас другие традиции, их необходимо сохранять и культивировать.

Мое мнение – день «Святого Валентина» праздновать не надо.

Міне, өздеріңіз байқағандай, «Әулие Валентин» деп әулеткен мейрамның жастар арасында қауқары кетіп бара жатқандығы қуантады. Бұл күнді махаббат мейрамы деп адаса жаздап, ақылға келген достарыма, қазақ халқының махаббат есімді ұлы сезімді ұлықтайтын төл мерекесі күннің жаңаруымен тұспа-тұс келетіндігін айта кеткім келеді. Мәселен,

тарихқа қарап, салт-дәстүрімізді танитын болсақ, қазақ халқының өз Ғашықтар күні мерекесі бар. Ол 21 наурыз Ұлыстың ұлы күні қарсаңында тойланады. Ұлдар «Селтеткізер» сыйлығын жасап, сүйгеніне сезімін білдірсе, оны ару қыз «құп» алса, «Ұйқыашар» дәмін даярлаған. Ол туралы Наурыз тарихынан толықтай тұжырым ала аласыздар. Сонымен бірге «Қазақ университеті» газеті сол мерекені насихаттап келе жатқан бірден-бір басылым. Ендеше осы газеттің Наурыз мерекесі қарсаңындағы және алдағы уақытта жарық көретін санын парақтасаңыз да ұлы сезімнің жүректен-жүрекке жетер әсерлі күнінен мағлұмат окисыз. Өзгенің «әулиесін» аспандатқанша, «Ұйқыашар», «Селтеткізер» секілді ғибратты әдет-ғұрыптарымыздың ғұмырын неге ұзартпасқа. Тарих қойнауында жатқан бұл мерекені жаңғыртайық. Ғашықтар күнін жерден, көктен іздеу қажет емес. Ол қазақтың төл тарихында бар екенін де білдік. Тек соны насихаттай алайық. Оны іске асыру «Төлеген мен Жібектің», «Қозы мен Баянның», «Еңлік пен Кебектің» ізін жалғаушы мына біздер, студенттер. Ендеше, «Ұйқыашар» мен «Селтеткізер» жастар арасында өз орнын алып, махаббат мерейін асыра түссін десек, бүгіннен бастап әрекет етейік. Әйтпегенде, қазақ жастары өздерінің төл мерекесінен бейхабар деген сынға қалармыз. «Валентин күніне» бірнеше ай бұрын дайындалатын кейбір студенттерге үлгі болсын деп, қане, достар, «Ұйқыашар» мен «Селтеткізерімізді» бүгіннен дайындай берейік.

**Сағыныш НАЗАРОВА,  
№5 жатақхана Студенттер  
кеңесінің төрайымы**

## Қазіргі таңдағы қазақ киносы

Бүгінде қазақ киносы секілді қызу талқыға түсіп, қоғамда тартысты пікірталас тудырған сала кемде-кем шығар, сірә. Біреулер «Қазақфильм» өнімдерін барынша жақтап, жетістіктерін алға тартса, енді біреулер соңғы жылдары түсірілген фильмдер мен «Қазақфильмнің» ұстанған саясатын жерден алып, жерге салады. Көпті алаңдатқан мәселе университетімізде де тыс қалмады.

Жақында журналистика факультетінің №5 жатақханасында телевизия және радиожурналистика кафедрасының күніне орай, «Қазіргі таңдағы қазақ киносы» атты тақырыпта дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Жиында кафедра меңгерушісі Гүлмира Сұлтанбаева кіріспе сөз сөйлеп, бүгінгі күнге дейін түсірілген отандық кинолардан үзінділер ұсынған соң, талқыға түскен тақырып қыза жөнелді.

3-курс студенті Назерке Сұлтанқұлова қазіргі таңда эфирден, экраннан көрсетіліп жүрген киноларда ұлттық рухтың жоқ екендігін және «Оскар» сыйлығына ұсынылып жүрген «Келін» сынды фильмдердің мазмұны өте таяз және ұлтымыздың намысын қорлауға бағытталғаны туралы өзінің өткір ойларын ортаға салса, 2-курс студенті Ғалымжан Кенжебеков: «Көпке құм шаша бермейік» дей келіп, жекелеген студиялар сәтті кинолар түсіріп жатыр, бірақ көрермен тарапы шығарылған әр киноға мін таға жөнеледі», – деп алдымен аудиторияның

қабылдау деңгейін жолға қою керектігін алға тартты. Шәкірттердің терең мағыналы сұрақтары мен пікірлерінен кейін ұстаздар да сөз алды. Доцент Клара Қабылғазина: «1-курсан бастап шағын көлемдегі роликтер түсіріп, тәжірибе жинап, шығармашылықтарыңды жетілдіре беріңдер, сонда болашақта сендерден мықты режиссер шығады», – деген ақыл-кеңесін берсе, доцент Жидегүл Әбдіжәділқызы студенттерге: «Факультетті тамамдағанша 40-50 сценарий жазсандар, соның ішінен мықты деген 10 идеяға құрылған шығарма туатындығына кепілдік беремін. Сонымен бірге болашақта ұлттық әдебиетіміздің озық үлгілерін экрандық үлгіге айналдыру бағытында жұмыла еңбек етуіміз керек», – деп өз ойын түйіндеді. Осы орайда доцент Орынтай Ошанова бұдан өзге де бүгінгі таңда қазақ қоғамын алаңдатып отырған мәселелер жөнінде ой қозғап, болашақ журналистерге жазуға машықтануда, еңбек жолында қандай күрделіліктерді есте ұстау қажеттігін айтып, ұлт парасаты болуға шақырды.

Аталмыш жиында жастарымыздың қазақ киносына қояр талабы күшті екенін байқадық. Осындай ойы ұшқыр, қаламы қарымды, талап-тілектерін төтесінен айта білетін болашақ журналистерге қарап, қазақ киносының болашағы алда екеніне үміттенесін.

**Әсем АЛШЫНБЕВА,  
журналистика факультетінің 1-курс студенті**

## ТАҒЛЫМ

Жақында шетел азаматтарына арналған дайындық факультетінде «Орталық Азия елдері: тарихи тамырластық және әдеби байланыстар» атты тақырыпта кездесу кеші өтті. ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының кураторлар жетекшісі Ө.Д. Садықбаева мен деканның оқу ісі және тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары М.Б. Әмірқановтың ұйымдастыруымен өткен шара факультетте білім алып жатқан Ауғанстан мен қазақ диаспорасының тыңдаушылары арасындағы сұхбатқа негіз болды. Сұхбаттасу кешіне университетіміздің профессор ғалымдары, әдебиет зерттеушісі Ө.Күмісбаев, тарихшы С.Ж. Сапанов және Алматы қаласындағы әскери институттың оқытушысы, парсы тілінің маманы Д.Бабалықова арнайы шақырылды. Кездесу кештің әлжиссасын факультеттің тыңдаушысы Сұлтанғазы Жаңдосұлы ақын М.Жұмбаевтың «Түркістан» өлеңімен ашты.

## Жаныңда жүр жақсы адам

Профессор Ө.Күмісбаев әдеби байланыстар, оның маныздылығы жөнінде айта келіп, парсы әдебиеті мен қазақ әдебиетіне тән ұқсастықтарға тоқталып өтті. Ұстаз, ғалым әрі ақын ағамыз бүгінде танымал әндердің біріне айналған өзінің «Тамшылар» өлеңінің шығу тарихын баяндап берді. Кездесу кештің көркін халықаралық қатынастар факультетінің профессоры Сайфулла Жұмабекұлы одан әрі қыздыра түсті. Ол өз сөзінде бүгінгі жаһанда болып жатқан саяси жағдайларға тоқталып, оның ішінде Ауғанстан мен Қазақстанның саяси, экономикалық, мәдени қарым-қатынастарының даму мәселесіне саяси пікір білдірді.

Университет түлегі, қазіргі кезде әскери институтта парсы тілінен дәріс беретін Дана Бабалықованың аудармашылық шеберлігіне

барлығы тәнті болды. «Өз мамандығым бойынша қандай да бір жетістікке жетсем, ол әрине осы білімнің арқасы. Сондықтан мүмкіндікті пайдаланып, білім нәрімен сусындатқан қара шанырақ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне, осындағы барша ұстаздарыма алғыс айтқым келеді», – деді Данагүл Бабалыққызы.

Кездесу соңында Ауғанстаннан келген тыңдаушылар алдағы уақытта осындай кездесулер жиі өткізіліп тұрса деген өтініштерін жеткізді. Бұл кеш гуманитарлық саланы жандандырып жатқан ҚазҰУ ұжымының «Жаныңда жүр жақсы адам» идеясына қосқан үні десек болады.

**Н.Ә.АЛДАБЕК,  
ЖОО-ға дейінгі дайындық  
кафедрасының доценті**

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Редакторлар – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА,  
Уәли ҚЫДЫРОВ  
Беттеуші – Талғат АХМЕТҚАЗЫ  
Фототілші – Алматы МҰХАМЕТЖАНОВ

### МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
«Бизнес Информ» баспаханасында (Төле би көшесі 108) басылды.  
Тел.: 8 (727) 293-09-09

### Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000 дана.  
Көлемі 2 б.т.  
Индексі 65989.  
Тапсырыс №10104

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.